

**ЦИКЛОГРАММА.**

Казан айы.

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» Мерзімі: 25.10.-29.10.2021

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p><b>Балаларды қабылдау</b></p> <p><b>Ата-аналармен әңгімелесу</b></p> <p><b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</b></p>	<p>Балаларды қабылдау</p> <p>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау.</p> <p>Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы: Гүлдердің шаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о: Бұл құрал қай мамандық иесінікі?</p>	<p>Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны.</p> <p>Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі.</p> <p>Көздерін жұмуды ұсынып бір суретті жасырады.</p> <p>Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштарды ұштау</p>	<p>Д/о «Суреттерді орналастыр»</p> <p>«Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету.</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру, балықтарға жем беру</p>	<p>Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу</p> <p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.</p> <p>Д/о: «Заттарды ажырат».</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Кітап сөрелерін сүрту, жинастыру.</p>	<p>Үстел үсті қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау, сүрту, сынған ойыншықтарды коқысқа тастау.</p>
<b>Жаттығулар кешені №2</b>					
<p><b>Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b></p>	<p>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда</p> <p>Д/о «Сөйлеп тұрған кім?»</p> <p>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық:</p>	<p>Д/о: «Әр маман иесінің тиісті көлігін тап!»</p> <p>Шарты: полиция, өрт сөндіруші, жүргізуші және дәрігердің көліктері шатастырылып берілген.</p>	<p>Д/о: «Кім болам?» Шарты: Балаларға болашақ та қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайдасы туралы әңгімелету.</p>	<p>«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету.</p>	<p>Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары»</p> <p>Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.</p>
<p><b>Кесте бойынша ҰОҚ</b></p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Күзгі жапырақтар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру.</p> <p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b></p>	<p><b>1. ҚМҰҚ</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша</p>	<p><b>1. Сауат ашу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «М» дыбысы</p> <p><b>Мақсаты:</b> "М" дауыссыз дыбысымен таныстыру.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Балалар, бүгін бізге қонаққа Алдаркөсе келіпті. Ол өзімен бірге</p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Аңдар қысқа қалай дайындалады?</p> <p><b>Мақсаттары:</b> Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Себеп-</p>	<p><b>1. Сауат ашу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «М» дыбысы</p> <p><b>Мақсаты:</b> "М" дауыссыз дыбысымен таныстыру.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Шаттық шеңбер <b>Негізгі кезең:</b></p>

<p>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?  – Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер?  – Күз мезгілінде неше ай бар?  – Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын.  <b>Жұмбақ</b>  Ағайынды бәрі,  Шықса – жасыл,  Түссе – сары.  <b>2. Негізгі кезең</b>  – Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасандар, жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді. Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған.  – Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?  – Күз мезгілі қандай?  – Күз мезгілінде айнала сары болады.</p>	<p>салыстыруға үйрету.  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  Оқу қызметін «Бүгінгі оқу қызметіне тағы да құртақандар келді» деген ойын жағдаятынан бастайды (көрнекі материал – 2,2.1 және 2.2-кесте). <b>«Олармен жақынырақ танысайық».</b> Олардың киімінің өлшемі мен түстерін, кеңістікте орналасуын сипаттауды ұсынады. Ойын жағдаятына қосылады. Құртақандар бейнеленген суреттерді қарап, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.  <b>2. Негізгі кезең</b>  Балаларға «үлкен-кішкентай», «түс», «алдында-артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суреттерде бейнеленген құртақандардың әрқайсысын сипаттауға көмектеседі.  Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс</p>	<p>бір дыбыс ала келіпті. Бірақ, ол бізге қандай дыбыс алып келгенін айтпаймын дейді. Ол үшін біз оның тапсырмаларын орындауымыз керек. Қоржынның бірінші басында тапсырмалар, екінші басында асықтар бар. Сұраққа жауап берген балаларға бір-бір асықтан беріп отырады.  <b>2. Негізгі кезең:</b>  – Мына қоржын ішінде бірнеше тапсырмалары бар.  – Мынау не?  – «Мысық» сөзі неше буыннан тұрады?  – Мысық қалай дыбыстайды?  – «Мысық» сөзінің басында қандай дыбыс естіліп тұр?  – Дұрыс айтасыңдар, «М» дыбысын естіп тұрмыз.  «М» – дауыссыз дыбыс.  Кәне, қолайнамызды алып бәріміз бірге «М» деп айтайық.  «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай:</p>	<p>салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту.  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>  <b>Педагог «СӨЗ ҚОСПАЙ АЙТЫП БЕР» ойынының</b> көмегімен балаларды алда өтетін сабаққа дайындайды.  <i>Мақсаттары:</i> күз маусымында табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін нығайту; шығармашылық ой-қиялын, аңғарымпаздық қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрап тұрады. Педагогтің өтініші бойынша беттерін қимылдату, қолымен, қимылмен көрсетіп ымдау арқылы: күннің суытқанын (балалар бүрісіп тоңады, қолдарын жылытады, бір-біріне үйкелейді, баскиім киіп, мойынорағыш салғандай қимылдар жасайды); салқын жаңбыр жауғанын (қолшатырларын ашады, киімдерінің жағасын көтереді)</p>	<p><b>Жұмбақ.</b>  1. <i>Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбат</i>  2. <i>Тонын киіп туган, Жалап бетін жуған.</i>  – Балалар, «мысық», «мүз» сөздері қай дыбыстан басталады?  <b>Дидактикалық ойын: «Аққала»</b>  Ойын шарты: Тақтаның бетіне қиылып жапсырылған аққала суреті, жетіспейтін бөлігін тауып, көздерін жұмып апарып жапсырады.  <b>Сергіту сәті:</b>  Қанат жаям жалма-жап  Талпынғандай ұшуға  Иіліп қол созамын  Аяғымның ұшына.  <b>Дидактикалық ойын «Ұшты, ұшты»</b>  Ойын шарты: педагог ұшатын және ұшпайт нәрселерді айтады.  Мысалы: «Ұшты, ұшты – кітап ұшты немесе қарға ұшты».  Педагог саусак бұлш еттеріне арналған жаттығу жасатады.  Саусағымда сакина</p>
---	---	--	--	--

<p>– Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. – Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары. Керемет көрініс. Педагог сөздік жұмысын жүргізеді. Алаша, жамырап деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі. – Сендерге өлең ұнады ма Педагог өлеңді қайталап, мәнерлеп оқып береді. Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталау арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады. – Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған. <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Қай ағаштың жапырағы?»</b></p>	<p>жүргізіледі. Педагог бірнеше балаға шығып, бір- біріннің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-біріннің артына орналасуы. <b>1-тапсырманы орындау.</b> Ол үшін алдымен жаңа – түс және өлшем белгілерімен таныстырады. Тапсырманы ауызша орындауды немесе сызық өткізуді – үлкен құртақанға қандай шелекті беру керектігін, ол шелектің түсінің қандай болатынын және т.б. анықтауды ұсынады. Осындай жұмысты топтағы балалармен де жүргізеді. Педагог бірнеше балаға (5 бала) шығып, бір-біріннің артына тұруын сұрайды. Қалған балалар оларға сипаттама береді: үлкен – кіші, киімінің түсі, бір-біріннің артындағы орны. Балалар тапсырманы орындап, 5 және одан да</p>	<p><i>Ерін бір-біріне қатты тиеді. Тіл дауыс қуысында еркін жатады. «М» дыбысы кішкене тілдің төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.</i> «М» дыбысының жасалу жолы осындай. – Енді «М» дыбысынан басталатын сөздер айтып көріңдер. – Сол сөздерді буынға бөлейік. – Балалар, сиырға ұқсап дыбыс шығарып көрейікші. – Бұл да «М» дыбысынан басталып тұр. <b>Сергіту сәті</b> – «Маса», «мама», «мата» сөздерін буынға бөлейік. Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайық. – Балалар, «маса» сөзінде неше дыбыс бар? – Бұл сөз неше буынға бөлінеді? – Енді дыбыстардың дауысты не дауыссыз дыбыс екенін анықтап алайық. – Мен сендерге өлең оқып</p>	<p>көрсетеді. <b>Талқыланатын сұрақтарды балалардың назарына ұсынады:</b> Ауа райы қалай өзгерді? Күзден кейін қандай жыл мезгілі келеді? Танымдық үдеріске белсенді түрде атсалысады. Күздің белгілерін атап көрсетеді: Аспан күңгірттеніп, тұнжырайды; күн ұясынан көп шықпайды, бұрынғыдай жылуын шашпайды; жаңбыр көп жауады; жапырақтар сарғаяды және төгіліп түседі; адамдар жылы киінеді; құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. <b>2.Негізгі кезең</b> Балаларға әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне бүгінгі ауа райын белгілеуді ұсынады. <b>Сергіту сәті</b> <i>Тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма):</i> ағаштардың қабығы бұжыр-бұжыр болады, аңдар ағаш діңінің төңірегінде жүгіреді, секіреді, олардың</p>	<p>Санап көрші, кәнеки. 1, 2, 3 – бір, екі, үш – Демалайық жинап күш. <b>Дәптермен жұмыс:</b> дәптердегі № 18 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі. <b>3. Рефлексия.</b> Педагог қорытынды жасайды. – Бүгінгі оқу қызметі түсінікті болса, бәрін қол шапалақтандар, ал түсінбеген болсаңдар, ренжіген смайликті көтеріндер. <b>2. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Мақтақыз бен мысық <b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу.</p>
--	---	---	--	---

<p>Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.</p> <p><b>3. Қорытынды бөлім. Рефлексия</b></p> <p>– Балалар, бүгін кімнің өлеңін жаттадыңдар? – Өлең қалай аталады? – Дыбыстың қандай түрімен таныстыңдар?</p> <p><b>2. Музыка</b></p> <p><b>3. Русский язык</b></p> <p><b>Тема:</b> Что растёт в лесу? <b>Цель:</b> обучение пониманию и использованию в речи русских слов и выражений.</p> <p><b>Организационный этап</b></p> <p>Предлагает послушать музыку, какое настроение, чувства вызывает она. Звучит классическая музыка П.И. Чайковского «Осень». Дети внимательно слушают музыку, определяют ее настроение. Вспомним с вами осенние слова.</p>	<p>көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p><b>2-тапсырманы</b> «оқуға», тапсырма бойынша түсін, өлшемін және дәптерде орналасқан жерін көрсете отырып жапсырмаларды кесте шаршыларына жапсыруға көмектеседі.</p> <p><b>3-тапсырманы</b> орындауды ұсынады. Үлкен заттарды қызыл түспен, ал кішкентай заттарды сары түспен бояу қажет. Одан кейін олардың қағаз бетінде орналасуы сипатталады. Көрсетілген қасиеттер бойынша заттарды сипаттайды. Шығып, бірінің артынан бірі тұрады. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды. Заттардың түсі мен өлшемін анықтай отырып 1-тапсырманы дәптерде орындайды. Қимылдарды жасайды. 2-тапсырманы</p>	<p>беремін, қай жерде «М» дыбысынан басталған сөздер бар, есте сақтап отырыңдар.</p> <p><b>«Кім жылдам?» дидактикалық ойынын ойнатуға болады.</b></p> <p>Ойын шарты: педагог балаларға «М» дыбысынан басталатын сөздерді тез ойлантып айтқызады. Сөз айтқан сайын бір қаламнан қолдарына ұстатып отырады. Қай бала көп сөз айтса, соның қаламы көп, демек жеңімпаз атанады.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс:</b> дәптердегі №17 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.</p> <p><b>3. Рефлексия.</b></p> <p>Педагог қорытынды жасайды.</p> <p>– Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ең қызықты болды?</p> <p><b>2. Музыка</b></p> <p><b>3.ӨӨТ</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жақсы қарым- қатынас жасауға үйренеміз.</p>	<p>ескірген жүндері қағазға жабысқан мақта сияқты ағаштың қабыршағына ілінеді, оның орнына жаңасы өсіп шығады.</p> <p><b>Әліппе-дәптердегі тапсырманы орындауды тапсырады.</b></p> <p>Тапсырмалар ретімен орындалады.</p> <p><b>Педагог «Пайда-зия» ойынын ұйымдастырады:</b></p> <p>Балаларды екі топқа бөледі және белгілі бір нысанның атын айтады. Ойын соңында «Пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?» деген сұраққа жауап іздейді.</p> <p>Қорытынды жасайды. 1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді.</p> <p>П: Қасқыр. Пайдасы және зияны. 1-ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы өліп қалған жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер</p>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері</b></p> <p>Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық!</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b></p> <p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады: «Тонын күй туган, Жалап бетін жуган».</p> <p>(Мысық)</p> <p>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу.</p> <p><b>Сөздік жұмыс:</b></p> <p>Қатық – сүтті ұйытып дайындалған тағам түрі</p> <p>Ін – жердің астынан қазып жасалатын баспана.</p> <p><b>Сұрақ-жауап:</b></p> <p>- Ертегі қалай аталады? - Мақтақыз не тауып</p>
---	---	--	--	---

<p><b>И/У «Повторялочка».</b>  Дети встают в круг.  Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по прошедшей теме.  Дети слушают, ловят мяч, называют слова на русском языке.  Возвращают мяч педагогу.</p> <p><b>2.Основная часть</b>  Педагог предлагает проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.</p> <p><b>Фонетическая зарядка</b>  <i>СУ – СУ – СУ – погуляем</i>  <i>мы в лесу АТЬ – АТЬ – АТЬ – в лесу легко дышать</i>  <i>ШУ – ШУ – ШУ – листик с клена засушу ОЗЫ – ОЗЫ – ОЗЫ – много веток у березы</i>  Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка.</p>	<p>орындайды – қажетті заттарды көрсетілген белгілері бойынша жапсырады және оның кеңістікте орналасуын сипаттайды: алдында – артында, алды, арасында.  Заттарды бояп, орналасуын сипаттайды.</p> <p><b>3.Рефлексия</b>  «Үлкен», «кішкентай» сөздерін, түстерді (кемпіркосақтың жеті түсін атап шығуға болады), кеңістікте орналасуын – алдында – артында, алды, арты, арасында, жанында – пайдалана отырып, сұрақтарға жауап береді.  Құртақандармен қоштасады.</p> <p><b>2.Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы:</b>Көшедегі қауіпсіздік.Жол белгілері  <b>Мақсаты:</b>Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке үйрету.  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларды өзара жақсы қарым-қатынас асай білуге үйрету.  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  Шаттық шеңбер .  <b>Негізгі кезең:</b>  <i>Әңгімелесу.</i>  Біз «Өзін- өзі тану» сабақтарында адам бойындағы жақсы қасиеттермен танысып, ол жақсы қасиеттерге үйренудеміз. Ендеше, біз бүгін сабағымызда адамдармен, айналақоршаған ортамен қарым- қатынас жасаудың сырымен танысып, сол қасиеттерге үйренеміз.  <b>Әңгімелеу.</b>  Тәрбиеші балаларға В.А.Сухомиллинскийдің «Жалғыз алма» әңгімесін балаларға оқып береді.  <b>Тәрбиеші сұрақтар қояды.</b>  Қыздар неліктен алманы бөлісе алмады?  Қыздардың орнында өздерің болсандар не істер едіңдер?  <b>Тыныштық сәті.</b>  - Балалар, денелеріңді</p>	<p>қасқырлар болмаса, қоян көбейіп кететін еді.  Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді.  2-ші командадағы балалар:  Қасқыр ормандағы кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін.  Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын жейді.</p> <p><b>3.Қорытынды кезең</b>  (рефлексия)  Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Содан соң балаларды ынталандырады. Сөйлемді аяқтауды өтінеді.  Сөйлемдерді аяқтайды:  Мен өзім ... істеп көремін.  Маған ... ұнады.  Менің таңғалдырғаны ...  Мен ...осылай істеп көргім келді.  Менің көңіл күйім ...  ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса, тік сызық сызады.</p> <p><b>2.Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b>Биші Әйгерім.</p>	<p>алды?  - Мысық не істеді?  - Мақтақыз мысықты қалай жазалады?  - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?  - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?  <b>Сергіту сәті.</b>  - Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.  Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.  3-4 балаға айтқызып қайталату.  <b>Дәптермен жұмыс:</b>  - Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.  - Мысық не істеді?  - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?  - Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.  <b>3. Қорытынды бөлім.</b>  <b>Рефлексия</b>  Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.  - Ертегі сендерге ұнады ма?  <b>3.Апликация</b></p>
---	---	--	---	--

<p>–Что мы относим к растительному миру? Знакомство с новыми словами. Дети рассматривают картинки, отвечают на родном языке (деревья, кустарники, травы, цветы, грибы).</p> <p><b>Физминутка</b>  <i>Ветер северный подул,  С–С–С все листочки с  липы сдул.  Полетели, закружились и  на землю опустились.  Дождик стал по ним  стучать кап–кап–кап – 2  раза, Град по ним  заколотил, листья все  насквозь пробил. Листья  все насквозь пробил, снег  потом припорошил,  Одеялом их накрыл.</i>  Дети повторяют слова и выполняют движения за педагогом.</p> <p><b>Работа в азбуке-тетради</b>  – Назови, что изображено на картинках. Отметь, что растет в лесу. Дети выполняют задания в азбуке-тетради.</p> <p><b>3. Рефлексия</b>  Педагог подводит итог,</p>	<p><b>«Қатарды есіңе сақта!» ойыны.</b>  Педагогтердің есіне! Қатарда тұрған балалардың дұрыс атаған баланы мадақтау қажет. Бұл ойынды кез келген оқу-іс әрекетіне қолдануға болады.</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b>  Педагог «Көжек» туралы мәтінді оқып береді. Бірде ұзын құлақ сұр Көжек жолдың ар жағындағы досы Қонжыққа бармақ болды. Ол Қонжықтың үйіне тезірек жеткісі келді. Сөйтіп, ол бағдаршам тұрған жерден өтпей, жолды кесіп өтті. Ал жолда машиналар ағылып жатқан болатын. Бір машина көжекте қағып кете жаздады. Қоян қорыққанынан дір-дір етіп, сөйлей алмай қалды. Жол реттеуші келіп, Қоянға көше тәртібін бұзбау керектігін айтты. –<i>Келесі көшеде бағдаршам да, жаяу жүргіншілер өтпесі де жоқ болып шықты.</i> Қоян жүгіріп өтіп кетпек</p>	<p>түзу ұстап, бастарынды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырндар. Көздерінді жұмсандар да болады. ауаны тереу жұтып, еркін тыныс алындар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат мен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініндер. Ал енді көздерінді ашсандар да болады.</p> <p><b>Ойын: «Қуыршақ сөйлейді».</b>  Мақсаты: Топтағы балалардың жақсы жағымды қарым-қатынастарын қалыптастыру.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b>  Балалар сурет бойынша әңгімелеп, дәптермен жұмыс жасайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b>  <b>«Сұр қоян»</b>  <b>Ғажайып сөздер.</b>  Балалар сабақта айтып үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.</p> <p><b>Релаксия .</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> ойыншықтарды ң әр түрін мүсіндеуге, ұжымда жұмыс істей білуге үйрету.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  Шаттық шеңбер.</p> <p><b>Негізгі кезең:</b>  Педагог балалармен бірге адам бейнесінің суреттерін қарайды, олардың дене мүшелерінің орналасуына көңіл бөледі. Қимылқозғалыстарды сөзбен айтып жеткізулерін сұрайды. Ермексиздан осындай өздеріне ұнаған бейнелерді мүсіндеуге тапсырма береді.</p> <p><b>№1 дәптердегі мүсіндеу</b>  әдіс-тәсілдеріне қарай отырып, қозғалыстағы адам бейнесін мүсіндеу жолдарын түсіндіру:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ермексизды алақанға салып жұмсартып, сопақша пішінге келтіріп, адамның кеуде бөлігін жасау.</li> <li>2. Ермексизды кішірек төрт бөлікке бөліп, есу арқылы жіңішкертіп екі қолы мен аяғын жасап, кеудесіне орналастыру.</li> <li>3. Кішкене бір бөлігін</li> </ol>	<p><b>Тақырыбы:</b> Теңіз асты патшалығы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  Жылулық шеңбері ( психологиялық минут). Педагог жайлы дауыспен, көздерін жұмып ұйқыға кететіндерін, бәрі бірдей түс көретіндерін айтады.</p> <p>– Мөлдір, тұнық су...  – Сендер су астында жүзіп жүрсіндер...  – Жан-жақтарыңда керемет түрлі балықтар... т.б.</p> <p>Педагог: «1, 2, 3», – деп санайды.</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b>  Педагог балалар назарын үлестірмелі материалдағы «Теңіз асты патшалығы» сюжетті суретке аударуларын сұрайды.  – Мына суретке қарандаршы, не көріп</p>
---	---	--	---	---

<p>поощряет детей. –Если вам занятие сегодня понравилось, вы не испытали трудностей в выполнении заданий, возьмите со стола листочки красного цвета. А если вы затруднялись при выполнении заданий – листочки желтого цвета.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Акробат болғым келеді» <b>Мақсаты:</b>Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдың мағынасын қалай түсінетіндерін айтады. <b>«Денсаулық» ойын-тренингі</b> –Қолдарыңды күнге созыңдар. Күннің</p>	<p>еді, бұрылыстан бір машина шыға келді, қатты сигнал беріп, қоянның жанына келіп, әрең тоқтады. Жаяу адамның бір адымы машинаның жүрісінің қанша метріне тең?</p> <p><b>3.Рефлексия</b> Сұрақ- жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерін пысықтайды.</p> <p><b>3.Сурет</b> <b>Тақырыбы:</b> Бидай масақтары. <b>Мақсаты:</b> балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.</p> <p><b>1.Ұйымдастыру кезеңі</b> Балаларға астық жинап жүрген техника түрлерін, егін, диірмен суретін көрсетіп, олар жайлы әңгімелетіп болған соң үлгіге талдау жасайды.</p> <p><b>2.Негізгі кезең</b> – Балалар, нан туралы, бидай туралы қандай тақпақтар, мақал-мәтелдер білесіңдер?</p>	<p><b>Жүректен жүрекке.</b> Тәрбиеші бұл әдістемелік тәсілді төмендегідей нысанда ұйымдастыруына болады. Ыңғайланып отырып, қолдарыңды алға қарай созыңдар. Енді сенің алақаныңда кішкентай «Күн» жатыр деп ойла. Оның сәулесі сенің саусақтарыңның арасынан өтіп, бойыңа жылылық құйғанын сезін. Енді күннің таратқан жылуын сезіне отырып, қасындағыларға жақсы, мейірімді сөздер айтыңдар.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b>Ақылдылар <b>Мақсаты:</b>Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерінтолықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарына команда қызығушылықтарына бағындыру. <b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p>	<p>алып, домалақтап басын жасайды,осы бөліктен шымшу арқылы мұрнын,құлағын,бет пішінін шығарады.</p> <p>4. Одан кейін қолын, аяғын қимылдап тұрған адам бейнесіне келтіреді.</p> <p>5. Басқа түсті ермексаздан балалардың қалауы бойынша киімдерін әсемдейді.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Ал, балалар, тұрайық, Жаттығуды бастайық. Оңға, солға иіліп, Басымызды қозғайық. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары-төмен қарайық Орнымызды табайық! Балалар жұмысқа кіріседі. Балалар адам бейнесін мүсіндеудің жолдарын өздері қарастырады.</p> <p><b>3.Рефлексия.</b> Педагог қорытынды жасайды. Балалармен жұмысты талдайды. Балаларды марапаттайды.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бізбен бірге және бізден артық орында» <b>Мақсаты:</b>Баланың қимыл-</p>	<p>тұрсыңдар? – Ал 25-беттегі теңіз астында ешнәрсе жоқ екен. Кәне, су асты бос болмас үшін ішіне балықтарды, ұлуды, шаянды жасап жіберейік.</p> <p><i>Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі.</i> Педагог 25абеттегі 9.2-ші үлгілерді кинодың жолдарын түсіндіреді.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> .– Суда жүзіп жүрген балықтарды көргендерің бар ма? – Хайуанаттар бағында болдыңдар ма? Хайуанаттар бағында жан-жануарлар, құстар, аңдардың және жәндіктердің түр-түрі бар. Адамдар барып оларды тамашалайды. Міне, сол жерде аквариумдарда неше түрлі балықтар бар. Онда неше түрлі балықтар мен теңіз жәндіктерін күтіп баптайды. Үйде кішігірім</p>
--	---	--	--	--

<p>шуақтары анамыздың жұмсақ қолы секілді бізді аймалайды, жылытады. Сикырлы күн жүрегімізді мейірімділікке толтырады, аурудың бәрін ерітіп жібереді, денсаулық береді. Мәтінге сәйкес қолдарымен қимыл-қозғалыстар жасайды.</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b></p> <p>I. Тізбекте бір-бірден жүру, кәдімгі жүріс және аяқты айқастырып жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 4 метр жерге дейін жүру. Жүрудің түрлерін орындайды. Өртүрлі жүріс түрлерін орындайды. Жүру қарқындарын дұрыс сақтауға тырысады және алдыңғы ҰОҚ-ларда алған тәжірибелерін қолданады. Төрт тізбеке тұру.</p> <p><b>II. Таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№1)</b></p>	<p>Педагог күз мезгілін еске түсіріп, неліктен күзді «алтын күз», «жомарт күз» деп атайтынын талдайды. Астық жинап жатқан суреттегі диқаншыларды көрсетіп, олардың немен айналысып жүргенін айтады.</p> <p>– Балалар, суретте диқаншылар бидай жинап жатса, біз ақ қағаз бетіне бидай масақтарын салайық. Бидай масақтарын салу үшін, ақ қағаз бетіне жоғарыдан төменге қарай ұзын бидай масағының сабағын сызып аламыз, одан кейін сабақтың жоғарғы бөлігіне сопақша дөңгелектерді ретімен орналастыра отырып бидай дәндерін саламыз.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>3. Рефлексия</b></p> <p>ҰҚ қызметі қорытындылау. Педагог балаларды мадақтайды.</p>	<p>«Мен өте жақсымын» ойын-жаттығуы.</p> <p>Алдымен «Мен» дегенді сыбырлап, одан кейін «өте» дегенді, одан кейін «жақсымын» дегенді сыбырлап айту қажет. Соңында «Мен өте жақсымын!» сөйлемді толық айтады.</p> <p><b>Негізгі кезең</b></p> <p>I. «Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады.</p> <p><b>II. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату</b></p> <p>Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүру. Екі аяқпен заттар арасымен секіру:</p>	<p>қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру ырғақпен қозғалу шеберліктерін дамыту.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p> <p>Шаттық шеңбер.</p> <p><b>Негізгі кезең</b></p> <p>I. <i>Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындайды.</i></p> <p>Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын түзу ұстайды. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру.</p> <p>II. <i>Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы.</i></p> <p>Педагогтің нұсқауларын дұрыс және жұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан</p>	<p>балықтары бар аквариумдар болады. – Балалар, кімнің үйінде аквариум бар?</p> <p><b>Ұжымдық жұмыс:</b></p> <p>– Ендеше, 25-беттегі теңіз асты патшалығының балықтарымызды, ұлуды, шаянды орналастырайық. Осы кезде ұнтаспадан сылдырлап аққан судың даусы естіледі.</p> <p><b>3. Рефлексия.</b></p> <p>Педагог оқу қызметін қорытындылап, балалар, ы мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды. – Жасаған жұмыстарың ұнады ма?</p> <p><b>4. Вариатив Өнерлі екен он саусақ</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Арыстан жапсыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.</p>
--	--	---	---	--



<p>Сұлу дене бітімі де денсаулыққа байланысты екенін түсіндіру. Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды. Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдыға тура қарайды.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш»</b> Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар- «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».</p> <p><b>Қорытынды кезең (рефлексия).</b> «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады</p>	<p>Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.</p> <p><b>4. Вариатив Ертегілер әлемінде</b> <b>Тақырыбы:</b> «Шалқан» ертегісін сахналау <b>Мақсаты:</b> Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.</p>	<p>Модульді оң немесе сол жақтан айналып өтіп, тізбекке жүгіріп келеді. Содан кейін келесі бала еңбектейді. ( 3 рет).</p> <p><b>Саусақ гимнастикасы</b> Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айқастырады. Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды. 1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді). 1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді).</p> <p><b>3. Қорытынды кезең (рефлексия).</b> Ұлдардың мықты, күшті екенін айтып, олар қыздарды сыйлау керектігін айтады.</p>	<p>күйде қағып алуға үйрету. Екі тізбекке сапқа тұрады Бір бүйірмен арқаннан секіруге жаттықтыру.</p> <p><b>Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар».</b> Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.</p> <p><b>«Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі</b> Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!</p> <p><b>Қорытынды кезең (рефлексия).</b> Қорытынды кезең (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі</p>
---	---	--	--

				<p>бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады.</p> <p><b>4. Логика</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Тапқыр болсаң, тауып көр»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.</p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды ,киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.
<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату.</p> <p><b>Еңбек:</b> Бөлме гүлдерін суару.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Құс болып ұшамыз» Балалардың өз</p>	<p><b>Бақылау:</b>Күз мезгілінде желді бақылау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы.</p> <p><b>Еңбек:</b> Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Құмдағы іздерді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын</p>	<p><b>Бақылау.</b> Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу.</p>

	еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	<b>Қимылды ойындар:</b> «Күн мен түн» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	көтеру. <b>Қимылды ойындар:</b> «Тышқан мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	әңгімелету. <b>Еңбек:</b> Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. <b>Қимылды ойындар:</b> «Тақия тастамақ» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	<b>Қимылды ойын:</b> «Поезд» <b>Мақсаты:</b> балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып поезд сияқты жүруге үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата- аналарға балалары туралы жеке гигиенасы туралы ескерту.	Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту.	Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану.	Еркін ойындар. Үйге сұрану. Ата – аналарына табыстау.	Еркін ойындар. Ата – аналары на табыстау.